

«Мирас КЗ-2030»

**жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің**

ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ

**товарищества с ограниченной
ответственностью**

«Мирас КЗ-2030»

19) продюсерлік орталығының жұмысын ұйымдастыру;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.

3.3. Серіктестік белгілі-бір қызмет түрлерімен айналысуы үшін қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан лицензиялар алады.

3.4. Серіктестік кәсіпорындардан, ұйымдардан, кооперативтерден, азаматтардан шартты бағасымен материалдар, шикізаттар, құралдар, ғимараттар, құрылыстар және басқа өндірістік тауарларды нақты ақшаға және қолма-қол ақшасыз сатып алады.

4. Қатысушының құқықтары мен міндеттері.

4.1. Серіктестік қатысушысының құқығы:

- Серіктестік істерін басқаруға қатысу;
- Серіктестіктің басқару органдарын сайлау, тағайындау, кейін шақырып алу және сайлану;
- осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Серіктестіктің қызметінен түскен пайданың бөлігін алу;
- Серіктестіктің қызметі туралы толық ақпарат алу;
- осы Жарғыда белгіленген тәртіпке сәйкес бухгалтерлік есеп, есеп беру мәліметтерімен және басқа құжаттармен танысу;
- серіктестік таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе Серіктестіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға
- өз үлесін иеліктен шығару жолымен Серіктестікке қатысуын тоқтату;
- осы Заңда және (немесе) Серіктестіктің жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

4.2. Серіктестік қатысушысының міндеттері:

- құрылтай құжаттарында қарастырылған тәртіпте, тәсілмен және мерзімде салымын енгізу;
- Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді таратпау;
- серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізген жағдайда «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 17-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген мәліметтердің өзгергені туралы атқарушы органға, сондай-ақ тіркеушіге жазбаша хабарлауға міндетті.

4.3. Осы бапта көрсетілген құқықтар мен міндеттер толық болып саналмайды. Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа құқықтарды пайдаланады және басқа міндеттер артады.

5. Мүліктің құрылу тәртібі.

5.1. Серіктестіктің мүлігі негізгі қорлар және айналымдағы қаражаттар, сонымен қатар бағасы Серіктестіктің балансында көрсетілген құндылықтардан құралады, мүліктің құны мен мөлшері шектеусіз.

5.2. Серіктестіктің мүлігінің құрылу көздері:

- оның қатысушысының ақшалай және материалдық салымы;
- өндірілген өнім;
- өнім өткізгеннен, атқарылған жұмыс және көрсетілген қызметтен түскен табыстар және мүліктер;
- Серіктестіктің Қазақстан Республикасының заңнамасында сәйкес басқа негіздерде алынған өзге мүліктері.

5.3. Серіктестік құрған филиалдар мен өкілдіктердің мүлігі Серіктестік меншігі болып табылады.

5.4. Өз Жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін Серіктестік, оған заңды және жеке тұлғалар (сонымен бірге шетелдің заңды және жеке тұлғалары) пайдалануға және иелік етуге берген мүліктерін шарттық бастамаларда пайдалануға құқылы.

5.5. Серіктестік мүлігіне иелік ету құқығы тек қана Серіктестіктің қатысушысына, сонымен қатар ол тағайындаған басқару органдарына оларға берілген құзыретіне сәйкес тән болады.

6. Жарғылық капитал

6.1. Серіктестікті құру және оның қызметін қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің Жарғылық капиталы құрылады. Шаруашылық Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықтық және өзге де мүлік болуы мүмкін.

6.2. Салымды жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салуға жол берілмейді.

6.3. Серіктестікке салым ретінде мүлікті пайдалану құқығы берілген жағдайларда бұл салымның мөлшері құрылтайшы құжаттарда көрсетілген бүкіл мерзімге есептелген пайдалану төлемімен айқындалады.

Серіктестіктің пайдалануына берілген мүліктің кездейсоқ құрып кетуіне немесе бүлінуіне тәуекелдік, осы мүлікті берген қатысушыға жүктеледі. Жарғылық капиталға құрылтайшылардың (қатысушылардың) заттай нысандағы немесе мүліктік құқықтар түріндегі салымдары барлық қатысушылардың келісімі бойынша немесе Серіктестіктің барлық қатысушыларының жалпы жиналысының шешімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі балама сомандан асып кетсе, оны бағалауды тәуелсіз сарапшы растауға тиіс.

6.4. Жарғылық капиталдың мөлшері **150 000 (жүз елу мың)** теңгені құрайды, мемлекеттік қайта тіркеу сәтінде толығымен құрылған.

6.5. Серіктестіктің Жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 24 бабына сәйкес құрылады.

6.6. Серіктестіктің қатысушысы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Жарғылық қорды көбейту немесе азайту туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.7. Барлық кредиторлар жеке-жеке жазбаша хабардар етілгеннен кейін ғана шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталын азайтуға жол беріледі.

7. Таза кірісті бөлу және залалдарды өтеу тәртібі

- 7.1. Серіктестіктің табысы өнімдерді, жұмыстарды, қызметтерді өткізгеннен түскен табысы есебінен құралады.
- 7.2. Оның бір жылдық қызметінің нәтижесінен түскен таза табысын бөлу тиісті жылғы серіктестік қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған Серіктестік Қатысушысының шешіміне сәйкес жүргізіледі.
- 7.3. Төлем серіктестікпен таза табысты бөлу туралы шешім шығарылған күннен бастап бір ай аралығында ақшалай жүргізілуі керек.
- 7.4. Атқарушы орган серіктестікті тиісті дәрежеде басқармауы душар еткен Серіктестіктің дәрменсіздігі (банкроттығы) салдарынан үшінші жақ шеккен зияндар үшін атқарушы органның мүшелері осы адамдар алдында серіктестікпен бірге ортақ субсидиарлық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

8. Еңбек қатынастары

- 8.1. Серіктестік пен онда еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін тұлғалар арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек кодексімен және осы Жарғымен реттеледі.
- 8.2. Серіктестік жұмысқа Серіктестіктің еңбек ұжымының мүшесі емес азаматтарды еңбек келісімі бойынша, олардың еңбек ақысын тараптардың келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеп қатыстыра алады.
- 8.3. Серіктестік Қазақстан Республикасының еңбек кодексінің талаптарына сәйкес өз қызметкерлері үшін тәртіптік жауапкершілік шараларын орнатады.
- 8.4. Серіктестіктің қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте, мөлшерде және жағдайда әлеуметтік сақтандыруға, зейнетақымен және әлеуметтік қамтамасыз етілуге жатады.
- 8.5. Серіктестіктің шетел қызметкерлерінің еңбек талаптары Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының, ұйымдарының жұмысшылары мен қызметкерлерінің тиісті санаттарына орнатылған шарттарға сәйкес дербес белгіленеді.

9. Басқару және бақылау органдары

9.1. Басқару органдары:

Серіктестіктің жоғары органы – Серіктестіктің Қатысушысы;

Атқару органы – Серіктестіктің директоры;

Бақылау функцияларын тексеру комиссиясы жүргізеді.

9.2. Қатысушының айрықша құзырына:

- 1) Жарғылық қоры мөлшерінің, орналасқан жерінің және фирмалық атауының өзгертуімен қоса Жарғыны өзгерту немесе Серіктестіктің жарғысын жаңа басылымда бекіту;
- 2) Серіктестіктің атқару органын құру және оның қызметін уақытынан бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестікті немесе оның мүлкін сенімдік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және ондай сенімдік басқаруға берудің шарттарын анықтау;
- 3) Серіктестіктің тексеру комиссиясын сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің тексеру комиссиясының есептері мен қорытындыларын бекіту;
- 4) жылдық қаржылық есепті бекіту және таза табысты бөлу;
- 5) Серіктестіктің ішкі ережелерін және оларды қабылдау процедурасын, сонымен қатар Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарды бекіту;
- 6) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерде, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарда қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 7) Серіктестіктің қайта құрылуы немесе таратылуы туралы шешім қабылдау;
- 8) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
- 9) Серіктестіктің барлық мүлігін кепілдікке қор туралы шешім қабылдау;
- 10) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 39 бабына сәйкес, серіктестік мүлкіне қосымша салымдар енгізу туралы шешім қабылдау жатады.
- 11) серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін және мерзімдерін бекіту жатады.

9.3. Бір қатысушыдан тұратын жауапкершілігі шектеулі серіктестікте қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне жататын шешімдерді жалғыз қатысушы жеке-дара қабылдайды және олар жазбаша рәсімделеді. Бұл жағдайда «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 44-50-баптарының ережелері қолданылмайды.

9.4. Қатысушы өзінің айрықша құзырына жатпайтын өкілеттікті Серіктестіктің атқарушы органына тапсыруға құқылы.

9.5. Қатысушы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

9.6. Директор ұсынған ішкі қызметті реттейтін құжаттарды, қатысушы үш күннің ішінде өзінің шешімімен бекітеді.

10. Серіктестік директоры

10.1. Серіктестіктің дербес атқарушы органы болып оның директоры табылады. Серіктестік директоры лауазымына Қатысушымен тағайындалады.

10.2. Серіктестік директоры контракт бойынша контрактіде көрсетілген мерзімге жұмысқа қабылданылуы мүмкін.

10.3. Директор Серіктестік қатысушысының шешімі негізінде және ол шешімді орындау үшін Серіктестік жұмысына күнделікті басшылық жасауды, қызметін ұйымдастыруды және ағымдық бақылауды жүзеге асырады.

10.4. Серіктестік директоры:

- Серіктестіктің атынан сенімхатсыз іс-әрекеттер жасайды;

- Серіктестіктің өкілі болуға, сонымен бірге сенім ауысу құқығымен сенімхаттар береді;
- Серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау, ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбек ақы төлеу жүйесін анықтайды, қызметтік ақылардың және жеке үстемақылардың мөлшерін бекітеді, сыйлық тағайындау мәселесін шешеді және тәртіптік жазалар тағайындайды;
- Заңнамамен және Серіктестік жарғысымен Қатысушының құзырына жатқызылмаған, сонымен қатар оған қатысушы берген басқа да қызметтер атқарады

10.5. Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының құзыретіне қатысушының құзыретіне жатпайтын серіктестік қызметін қамтамасыз ететін барлық мәселелері жатады. Өз шешімдерін директор бұйрықтар түрінде жазбаша рәсімдейді. Қатысушы директордың бұйрығын күшін жоюға құқылы.

11. Тексеру комиссиясы

11.1. Жауапкершілігі шектеулі Серіктестіктің атқарушы органының қаржы- шаруашылық қызметін бақылауды және асыру үшін серіктестікке қатысушы немесе олардың өкілдері арасынан тексеру комиссиясы құрылуы мүмкін.

11.2. Тексеру комиссиясы бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

11.3. Тексеру комиссиясының қызметін атқару серіктестікке қатысушы немесе жеке-дара тексеруші ретінде оның өкіліне тапсырылуы мүмкін.

11.4. Жауапкершілігі шектеулі Серіктестіктің тексеру комиссиясын немесе жеке-дара тексерушісін қатысушы Серіктестіктің жарғысында белгіленген, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

11.5. Жауапкершілігі шектеулі Серіктестіктің атқарушы органы бір мезгілде тексеру комиссиясының мүшелері (тексерушілері) бола алмайды.

11.6. Тексеру комиссиясы (тексеруші) кез келген уақытта жауапкершілігі шектеулі Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Тексеру комиссиясы (тексеруші) осы мақсатта Серіктестіктің барлық құжаттамасын ешқандай кедергісіз көру құқығына ие болады. Тексеру комиссиясының (тексерушінің) талап етуі бойынша атқарушы органның мүшелері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсіндірмелер беруге міндетті.

11.7. Тексеру комиссиясы (тексеруші) жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушы бекіткенге дейін Серіктестіктің жылдық қаржылық есептемесіне міндетті түрде тексеру жүргізеді. Қатысушының тексеру комиссиясының (тексерушінің) қорытындысы не аудиторлық есебі болмайынша жылдық қаржылық есептемені бекітуге құқығы жоқ («Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңның 59-бабы).

11.8. Өз шешімдерін Тексеру комиссиясы (тексеруші) хаттамалар (шешімдер) түрінде жазбаша рәсімдейді.

12. Серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі және мерзімі

12.1. Серіктестігі өзінің қатысушының талап етуі бойынша Серіктестіктің қызметі туралы, оның қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпарат және құжаттарды беруге міндетті.

12.2. Серіктестіктері қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпарат деп:

1) серіктестік қатысушының қабылданған, атқарушы органының, тексеру комиссиясының (ревизорының) шешімдері және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Серіктестіктің өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мөлшерде Серіктестіктің қарыз алуы;

3) жасалған мәміле нәтижесінде Серіктестіктің өз меншігіндегі капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын ірі мәмілені немесе өзара байланыстағы мәмілелерді Серіктестіктің жасауы;

4) Серіктестіктің қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензиялар алуы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға бұрын алған лицензияларынан айыру;

5) Серіктестіктің мүлкіне тыйым салу;

6) нәтижесінде Серіктестіктің баланстық құны қоғам активтері жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп процентін құрайтын мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;

7) серіктестікті және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

8) серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;

9) аудиторлық есеп (ол бар болса);

10) Серіктестіктің жарғысына сәйкес серіктестік қатысушының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат танылады.

12.3. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты және құжаттарды жазбаша сұраныстан кейін атқарушы орган Серіктестіктің қатысушы және үлесті сатып алушыларға 7 күн ішінде береді.

13. Серіктестік қатысушылары құрамының өзгеруі

13.1. Заңнамамен жарғы талаптарын сақтай отырып серіктестікке жаңа қатысушы қабылдау құрылтай шартымен рәсімделеді. Қатысушылар құрамының бұдан былайғы өзгеруі құрылтай шартына қосылу туралы шартпен рәсімделеді. Қосылу туралы шартқа серіктестік органының уәкілді басшысы және қосылатын қатысушы қол қояды.

13.2. Қосылу туралы шарт, құрылтай шартының қосылу туралы шарттың жағдайларынан туындайтын бөлігінде өзгертілді деп саналатын, оның ажырамас бөлігі болып табылады. Құрылтай шартына қосылу туралы шарт нотариалдық куәландырылуға жатады.

13.3. Жаңа қатысушы оның құрылтай шартына және жарғысына, осы құжаттардағы қосылу туралы шарттың ережелерінен туындайтын өзгерістерді ескере отырып қосылған болып есептеледі.

13.4. Серіктестіктен шыққан қатысушының үлесін сатып алу немесе үлес ауысуының өзге негіздері нәтижесінде Серіктестік қатысушысы болған тұлға, үлеске құқы өткен мезгілден бастап Серіктестіктің құрылтай шарты мен жарғысына қосылды деп саналады.

14. Қабылдау және шығару тәртібі

14.1. Серіктестікке 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балалар қабылданады.

14.2. Балалармен жұмыс қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Серіктестік Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен осы Жарғыда анықталған шекте оқыту мен тәрбиелеу нысандарын, құралдары мен әдістерін өз қалауынша таңдап алады.

14.3. Серіктестік қабылдаған кезде Серіктестік мен балалардың ата-аналары (оларды алмастырушылар) арасында Серіктестікте балаларды тәрбиелеу, басқа шарттарды анықтау бойынша келісім жасалады.

14.4. Қабылдау ата-аналардың (оларды алмастырушының) жолдама, медициналық анықтама және туу туралы куәліктерінің көшірмесі және Серіктестік тағайындаған басқа да құжаттар негізінде жүргізіледі.

14.5. Тәрбиеленушіні шығару мына жағдайларда жүргізіледі:

- ата-аналар өз еркімен Серіктестікке жасалған шартты бұзғанда;
- тәрбиеленушіні ауыратындығы туралы дәрігер қорытындысы болса және оның Серіктестікте болуына мүмкіндік болмаса;
- тәрбиеленушіні асырау үшін ақы төлемеген жағдайда;
- тәрбиеленушіні Кәсіпорыннан себепсіз 1 айдан аса қалған кезінде;
- заңда көрсетілген басқа жағдайларда.

Тәрбиеленушіні шығару туралы ата-аналарына 10 күн бұрын хабарланады.

14.6. Серіктестікте мына жағдайларда тәрбиеленушінің орны сақталады:

- 1) ата-ананың себепті өтініші болған жағдайда;
- 2) бала ауырып қалғанда;
- 3) бала медициналық, санаторийлік-курорттық және өзге де ұйымдарда емделгенде және сауықтырылғанда;
- 4) ата-анасының біреуіне еңбек демалысы берілгенде;

15. Баланың және оның ата-аналарының құқықтары мен міндеттері

15.1. Баланың құқықтары қолданыстығы Қазақстан Республикасының заңдармен, сондай-ақ Серіктестік пен ата-аналар (оларды алмастырушылар) арасындағы келісім бойынша қорғалады.

15.2. Серіктестік әр балаға мынадай кепілдіктер беріледі:

- оның өмірі мен денсаулығын қорғау;
- баланың ар-намысын қорғау;
- барлық күш көрсетудің, моральдық немесе психикалық қысымның барлық түрінен қорғау;
- оның мемлекеттік жалпы міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру стандарттарына сәйкес шығармашылық қабілеті мен қызығуларын дамыту;
- сапалы мектепалды даярлықтан өтуі;
- баланың бейімділігіне, қабілетіне, тілегіне және денсаулығына сәйкес қосымша білім беру қызметтерінің көрсетілуі.

15.3. Ата-аналардың (олардың орнындағы адамдардың) мынадай құқықтары бар:

- бала тәрбиесіндегі мәселелер жайында педагогикалық кеңес алу;
- Серіктестіктің балалармен жүргізілетін жұмыстарына және қосымша қызмет түрлерін ұйымдастыруының жақсарту бойынша ұсыныстар еңгізеді.

15.4. Ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың міндеттері:

- балалардың өмірі үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау, олардың интеллектуалдық және дене-тұлғалық мүмкіндіктерін дамытуды және адамгершілік тұрғысында қалыптасуын қамтамасыз ету;
- тәрбие-білім беру процесінде Серіктестік педагогтарымен ынтымақтасу және бес (алты) жастағы баланың мектепалды даярлығын қамтамасыз ету;
- педагогтардың талап тілектерін бірлесе шешу;
- Серіктестіктегі ақысын уақытында төлеп отыру;
- Серіктестіктің қызметкерлері мен қарым қатынаста тәртіп ережелерімен этика нормаларын сақтау.

16. Кәсіпорынның құқықтары мен міндеттері

16.1. Кәсіпорын тәрбиелеу-білім беру қызметі барысында:

- баланың жасына, жеке психофизикалық ерекшеліктеріне сәйкес оның ақыл-ой, рухани, эмоциялық және дене тәрбиесіне және білім алуына қолайлы жағдайлар жасайды
- тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығы, санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуы, тамақтанудың сапасы мен режимі үшін жауапкершілікті көтереді;
- тәрбиелеу бағдарламасына сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз етеді;
- Серіктестіктің жұмыс тәртібін анықтайды: еңбек, ойын, сабақ мәне демалыс уақыты;
- балалар мүлкінің сақталуын қамтамасыз етеді;
- балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға (немесе оларды алмастырушыларға) көмек көрсетеді;

- тәрбиелеу-білім беру үрдісін қолданылатын нысандарының, тәсілдерінің және ұйымдастыру құралдарының, балалардың психофизиологиялық жас ерекшелігіне, бейімділігіне, қабілетіне, қызығушылығына, өмірі мен денсаулығын қорғау талаптарына сәйкес болуы үшін жауап береді.

16.2. Серіктестікте діни тәрбие беруге жол берілмейді.

17. Педагогикалық және басқа да қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері

17.1. Педагогтік және басқа да жұмыскерді мамандығы бойынша біліктілік сипаттамасы талабына сәйкес, білімі жөнінде құжатпен расталған тиісті кәсіптік-педагогикалық білімі бар тұлғалар қабылданады. Жұмысқа алар кезде Серіктестік пен қызметкерлер арасында еңбек келісім шарты жасалады.

17.2. Соттың шешімімен немесе медицина жағынан педагогтік қызметпен айналысуға тыйым салынған азаматтар Серіктестікте жұмыс істеуге жіберілмейді.

17.3. Педагог кадрлар қызметпен айналысушылардың, біліктілігінің төмен болуы есебінен, сондай-ақ педагогикалық қызметті жүзеге асырумен үйлеспейтін заңға қайшы әрекеттер жасау салдарынан өз қызметіне сай болмаса олар педагогикалық жұмыстан босатылады.

17.4. Серіктестіктің қызметкерлердің құқықтары:

- кәсіби қызмет бойынша жағдай жасау;

- тәрбие үрдісінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін және педагогтің жеке қабілетіне толық сәйкес келетін тәрбиелеу және білім беру әдістері мен құралдарын еркін таңдау;

- белгіленген тәртіп бойынша біліктілігін арттыру;

- педагогикалық Кеңес мәжілістерінде, тәрбие, әдістемелік, ғылыми, шығармашылық және өндірістік жұмыстарға қатысты маңызды мәселелерін талқылауға қатысу;

17.6. Кәсіпорынның педагог қызметкерлерінің міндеттері:

1) балалардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды салауатты өмір салтының әдет-дағдыларына үйрету;

2) тәрбиеленушілердің тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарында көрсетілген деңгейде дамуын қамтамасыз ету;

3) тәрбиеленушілердің дара және шығармашылық қабілеттерін анықтау, дамыту;

4) өзінің кәсіби біліктілігін арттыру;

5) педагогикалық этика нормаларын сақтау;

6) тәрбиеленушілердің ар-намысын құрметтеу;

7) салауатты өмір салтын ұстану және оны ата-аналар мен тәрбиеленушілер арасында насихаттау;

8) медициналық байқаудан уақытында өтіп тұру.

9) жарғыны, қызметтік нұсқауларды, педагогикалық этика нормаларын сақтау;

10) Серіктестік пен ата-аналар арасындағы келісімді, ішкі тәртіп ережелерін орындау;

11) тәрбиелеу мәселесі бойынша ата-аналармен бірлесіп жұмыс істеу;

12) ата-аналардың білім беру қызметі жайлы сұранысын орындауға ат салысу;

13) Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» заңдарына сәйкес, баланың өмірі, дене және психологиялық денсаулығы үшін жауап беру.

Жұмысшының жұмыс уақыты және еңбек ақысын төлеу Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» заңына сәйкес анықталады.

18. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және қызметінің тоқтатылуы

18.1. Серіктестікті тарату және қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) серіктестік қатысушысының шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көрсетілген тәртіпте жүзеге асырылады.

18.2. Сот шешімі бойынша Серіктестік мына жағдайларда таратылады:

1) банкрот болған;

2) серіктестікті құру кезінде жоюға болмайтын сипатта заң бұзушылыққа жол берілуіне байланысты оның тіркелуі жарамсыз деп танылған;

3) қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе заң актілерімен тыйым салынған қызметті не заңдарды бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асырған жағдайларда;

4) заң актілерінде көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін.

18.3. Тарату туралы шешім қабылдаған орган тіркеуші органға тарату процесінің басталғаны туралы хабарлайтын, мерзімдік басылымда хабарландыру жариялап, заңдарға сәйкес таратудың тәртібі мен мерзімін анықтайтын тарату комиссиясын (таратушыны) құрады.

18.4. Несие берушілердің талабы қанағаттандырылғаннан және басқа қарыздарды өтегеннен кейін қалған мүліктер мен қаражаттарды тарату комиссиясы (таратушы) заңдарда көзделген тәртіпте Қатысушыға береді.

18.5. Заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне Серіктестіктің таратылуы туралы жазу енгізілген мезеттен бастап тарату аяқталды, ал серіктестік өз қызметін тоқтатты деп саналады.

Серіктестік қатысушысы:

Умарова Гуля Ашымбековна

